« СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «АҚЖАР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ҚОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ «БАЛАПАН» БАЛАЛАР БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

БҰЙРЫҚ

150212 Ақжар ауданы
Кулыколь ауылы Советская 5

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ САД «БАЛАПАН»КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ, АКЖАРСКОГО РАЙОНА» КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА СЕВЕРО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ПРИКАЗ

150212 Акжарский район
Кулыкол ауылы Советская 5

2025жыл «29» тамыз №30

«Балапан»балалар бөбекжай-бақшасы» МКҚК әдістемелік кеңес құрамын бекіту туралы

Балабақшаның ішінде және балабақшадан тыс өткізілетін әдістемелік жұмыстарды басқару және ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

2025- 2026 оқу жылында «Балапан»балалар бөбекжай-бақшасы» МКҚК келесі құрамда әдістемелік кеңес құрылып

БЕКІТІЛСІН:

1. Әдістемелік кеңес мүшелері:
   - Нурмаганова Кунсулу Аманжоловна- меңгеруші, ӘК төрағасы
   - Бельгибаева Асемгуль Касимбаевна әдіскер, ӘК мүшесі
   - Кошкинбаева Гульнар Олжабаевна-педагог-психолог, ӘК мүшесі
   - Дардина Нургуль Жакияновна- тәрбиеші,хатшы
   - Жетписбаева Салтанат Талгатовна- тәрбиеші, ӘК мүшесі
   - Шакирова Гульмира Жакиягалымовна- тәрбиеші.
2. Әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары құрылсын, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілсін.

Бұйрықтың орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.

Меңгеруші **К.А.Нурмаганова**

Бұйрықпен таныстым және келісемін

Бельгибаева А.К
Дардина Н.Ж
Шакирова Г.Ж
Нурбаева А.А
Кошкинбаева Г.О
Жетписбаева С.Т

Бекітемін
МКҚК «Балапан»
балалар бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
К.А.Нурмаганова

2025–2026 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңес жоспары

.№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Жауапты	Мерзімі
1	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, құжаттарды цифрлық форматта толтыру	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
2	Өзара ҰІӘ-ге қатысу, тәжірибе алмасу	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
3	Жаңадан келген балалардың бейімделуін ұйымдастыру	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
4	Ата-аналармен цифрлық байланыс	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
5	Жасанды интеллект технологияларын қолдану	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
6	Ағымдағы мәселелер	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қыркүйек
1	Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қараша
2	Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қараша
3	Әдістемелік құрал жазуда нейрожелі қолдану	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қараша
1	Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру тәжірибесі	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қантар
2	І жартыжылдық мониторинг нәтижелерін талдау	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қантар
3	Әртүрлі мәселелер	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	қантар
1	Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр
2	Педагогтардың жылдық есебі	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр
3	Балалардың негізгі құзыреттіліктерін талдау	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр
4	Мамандар жұмысына талдау	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр
5	Аттестацияға өтініш қабылдау	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр
6	Жазгы сауықтыру іс-шараларын бекіту	Баяндама, талқылау	Әдіскер, педагогтар	мамыр

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: *«Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа оқу жылына дайындық»*
Өткізілген күні: 2025 ж. 8 қыркүйек айы
Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі
Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру:
    - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
    - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
    - Электронды портфолио жинақтау.
2. Өзара ҰІӘ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін онлайн және оффлайн әдістермен ұйымдастыру.
   та-аналармен цифрлық байланыс (чат-боттар, мобильді қосымшалар).
   ектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:
1. Әдіскер: Бельгибаева А.К.
Жаңа оқу жылына дайындық барысы жан-жақты түсіндірілді. Педагогикалық құжаттарды цифрлық форматта жүргізудің маңызы ерекше екендігі атап өтілді. Әсіресе перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг кестелері енді электронды түрде толтырылып, сақталуы тиіс екендігі түсіндірілді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, құжаттарды реттеуге, педагогтардың жұмысын жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға ықпал ететіні айтылды. Сондай-ақ әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбын анықтап, жеке даму жоспарын құрып, электронды портфолиосын жинақтауы қажет екендігі ескертілді. Электронды портфолио педагогтың кәсіби дамуының айқын көрсеткіші болатынына тоқталды.
2. Тәрбиешілердің пікірлері.
Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ҰІӘ-ге (ұйымдастырылған іс-әрекетке) қатысу педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті. Бір-бірінің сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті

дамытып, педагогтардың бір-біріне қолдау көрсетуіне жағдай жасайтыны атап өтілді.

3. Психолог: Кошкинбаева Г.О.

Жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі – оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн (ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) және оффлайн (жеке әңгіме, ойын жаттығулары, топтық серуен, бейімдеуші сабақтар) әдістерді қатар қолданудың маңызы түсіндірілді. Психолог балалардың эмоционалды жай-күйін бақылау, ата-аналарға кеңес беру және бейімделу кезеңінде баланың өзін жайлы сезінуіне комектесетін практикалық жаттығулар ұсынды.

4. Музыка жетекшісі: Нурбаева А.А.

Балалардың жан-жақты дамуы үшін ата-анамен үздіксіз байланыста болу қажеттігі айтылды. Бұл бағытта мобильді қосымшаларды, чат-боттарды, мессенджер топтарын пайдалану тиімді екендігіне тоқталды. Ата-аналарға күнделікті ақпарат беріп отыру, баланың жетістіктерін бөлісу, түрлі хабарламаларды жылдам жеткізу – цифрлық байланыс құралдары арқылы әлдеқайда жеңіл болатыны айтылды. Сонымен қатар музыка жетекшісі балалардың шығармашылығын дамытудағы ата-ана ынтымақтастығын, логопед сөйлеу дағдысын жетілдірудегі ата-ананың қолдауын цифрлық орта арқылы ұйымдастырудың жолдарын ұсынды.

5. Әдіскер: Бельгибаева А.К.

Мектепке дейінгі мекемеде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдары түсіндірілді. Атап айтқанда:

- балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану;
- **Quiver** – балалардың суреттерін AR (қосымша шындық) арқылы жандандырып, қиялын дамыту;
- **Merge Cube** – 3D үлгілерді қарау арқылы танымдық қызығушылықты арттыру;
- ойын платформалары арқылы (Umaigra және т.б.) баланың логикалық ойлауын, тілін дамыту.

Жасанды интеллект технологиялары балалардың қызығушылығын оятып, оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік беретініне баса назар аударылды.

Қаулы қабылданды:

1. Педагогтар 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын электронды түрде толтырсын.

2. Әр педагог өзіндік білім көтеру тақырыбы мен жоспарын әдіскерге ұсынып, бекітсін.
лектронды портфолио жинақтау жұмыстарын қазан айына дейін аяқтау.
едагогтар өзара ҰІӘ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
аңадан келген балалардың бейімделуі үшін онлайн және оффлайн әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.
та-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.
діскер мен педагогтар жасанды интеллект технологияларын тәжірибеге енгізу жолдарын қарастырсын.
ғымдағы мәселелер бойынша жеке жауаптылар бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Нурмаганова К.А.
Хатшы: Дардина Н.Ж.

№2 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: *«Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»*
Өткізілген күні: 2025 ж. 08 қараша айы
Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі
Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, логопед, дене шынықтыру нұсқаушысы
Мақсаты:
Педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу.
КҮН ТӘРТІБІ:

ткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы.
едагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы.
Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?» талқылау.

Тыңдалды:
1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы
Сөйлеген: Әдіскер Бельгибаева А.К.
Әдіскер өткен кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысын талдады.
Педагогтардың цифрлық форматта құжат жүргізу, перспективалық жоспар, циклограмма және мониторингті электронды түрде толтыру жұмыстарының жүйеленіп келе жатқаны атап өтілді.
Сондай-ақ электронды портфолио жинақтауда белсенділік танытқан педагогтар атап өтілді.
Жаңадан келген балаларды бейімдеу жұмыстары онлайн және оффлайн әдістермен қатар жүргізілгені айтылды.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы
Сөйлеген: Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог.
Педагогтар өздерінің жұмыс бағыттарына байланысты қолданатын цифрлық және интерактивті технологиялармен бөлісті:

Педагог	**Тақырыбы**	**Қолданған цифрлық құрал**	**Нәтижесі**
Тәрбиеші	«Тіл дамытуда суретті AR қолдану»		Балалардың сөздік қоры мен қиялы дамыды

Педагог	Тақырыбы	Қолданған цифрлық құрал	Нәтижесі
Психолог	«Эмоциялық жай-күйді бақылау»		Бейімдеу кезеңі жеңілдеді
Музыка жетекшісі	«Музыкалық импровизация»		Әуенді сезінуі қалыптасты

Барлық педагогтар цифрлық құралдардың балалардың оқу мотивациясын арттыратынын атап өтті.

3. «Әдістемелік құрал жазуда қандай нейрожелі түрлерін қолданамын?»

Сөйлеген: Әдіскер Бельгибаева А.К.

Әдіскер педагогтардың авторлық әдістемелік құрал, бағдарламалар, циклограммалар мен педагогикалық жобалар әзірлеу барысында нейрожелі технологияларын тиімді қолдану мүмкіндіктерін түсіндірді. Нейрожелілерді пайдалану педагогтың уақытын үнемдеуге, материалдың құрылымын жүйелеуге, мәтін сапасын арттыруға, сондай-ақ көрнекілік және интерактив элементтерді жылдам әзірлеуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Әдіскер әрбір педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды екенін және нейрожелілерді педагогикалық мақсатқа сай саналы қолдану қажет екенін ерекше атап өтті.

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
	Мәтін құрылымдау, әдістемелік бөлімдер жазу, талдау жасау	Тақырыптық жоспар, кіріспе, қорытынды, әдістемелік нұсқаулықтарды автоматты құрастырады; баланың жас ерекшелігіне сай мазмұн дайындайды
	Мәтінді ғылыми тілге келтіру, әдеби редакциялау	Авторлық стильді сақтай отырып, мәтінді сауатты, түсінікті және әдістемелік талаптарға сай қалыпқа келтіреді
	Титул бет, инфографика, презентация, кесте әзірлеу	Дизайнды тез және сапалы дайындауға мүмкіндік береді; әдістемелік материалдарды көрнекі етеді
	Балаларға арналған иллюстрация, көрнекілік материалдар әзірлеу	Қазақы нақыштағы, мультстильдегі, эмоциялық түрде қабылдауға жеңіл авторлық суреттер жасайды

Құрал	Қолдану мақсаты	Мүмкіндіктері
	Қысқа мультфильмдер, бейне-презентациялар, анимациялық оқиғалар құрастыру	Сабақ барысын эмоционалды-коммуникативтік тұрғыда қолдайды; баланың қызығушылығын арттырады

Әдіскер нейрожеліні тек көмекші құрал ретінде қарастыру керектігін, дайын ақпаратты толық күйінде қабылдамай, педагог тарапынан мазмұндық сүзгіден өткізу, бейімдеу және педагогикалық талаптарға сәйкестендіру керектігін атап өтті.

Сонымен бірге авторлық әдістемелік материал дайындау кезінде:

- **әдеп нормаларын сақтау**,
- **ақпараттың дұрыстығын тексеру**,
- **баланың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеу**,
- **ұлттық құндылықтар контекстін сақтау**

қажеттігі ескертілді.

Қорытынды ұсыныс:

Педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік сағаты ұйымдастырылып, нейрожеліні қолдану бойынша тәжірибе алмасу жүргізілсін.

Нейрожелі құралдарын мақсатқа сай, саналы және педагогикалық талаптарға сәйкес қолдану ұсынылды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

едагогтар әдістемелік құрал және авторлық бағдарламалар әзірлеу барысында цифрлық және нейрожелі технологияларын мақсатты қолдансын.

дістемелік құрал жазуда ChatGPT, Claude, Canva AI, Midjourney, Veo 3 секілді нейрожелі құралдарын педагогикалық талапқа сәйкестендіре отырып қолдану ұсынылсын.

вторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды сараптамаға ұсыну және бекіту тәртібін сақтау міндеттелсін.

діскер педагогтарға ай сайын цифрлық шеберлік (Digital Skills) консультациясын ұйымдастырсын.

едагогтар 2025–2026 оқу жылы ішінде кемінде 1 авторлық цифрлық жоба немесе әдістемелік құрал әзірлесін.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Нурмаганова К.А.

Хатшы: Дардина Н.Ж.

№3 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы
Тақырыбы: *"Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту"*
Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту.
Өткізілген күні: 2026 ж. 15 қаңтар
Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кеңес бөлмесі
Қатысқандар: Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
КҮН ТӘРТІБІ:

Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру: балалардың ой-өрісін дамыту» тақырыбындағы тәжірибе туралы баяндама.
025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (мониторинг).
ртүрлі мәселелер.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Тақырыбы:
«Балалардың ой-өрісін этномәдениет пен мультимедиалық технология арқылы дамыту»
Баяндамашы: Жетписбаева С.Т.
Баяндамашы өз сөзінде мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет элементтері мен заманауи мультимедиалық технологияларды ұштастырудың маңыздылығына тоқталды. Ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер цифрлық форматта (интерактивті тақта, презентация, мультимедиалық ойындар, квесттер) ұсынылып, балалардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыратыны атап өтілді.
Тәжірибе барысында ұлттық мазмұндағы цифрлық ойындар, интерактивті тапсырмалар, мультимедиалық көрсетілімдер қолданылып, олардың балалардың логикалық ойлауына, сөздік қорына, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттеріне оң әсер еткені айтылды.
СӨЙЛЕГЕНДЕР:
Әдіскер мен тәрбиешілер тәжірибенің өзектілігін атап өтіп, этномәдени мазмұнды заманауи форматта ұсынудың балалар үшін түсінікті әрі қызықты болатынын айтты.
2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Тақырыбы:
2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығындағы негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына талдау (диагностика)
Баяндамашы: Бельгибаева А.К.
Әдіскер балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижелеріне қысқаша тоқталды. Диагностикалық жұмыстар балалардың танымдық белсенділігін, қарым-қатынас дағдыларын, ойлау қабілетін, ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталғаны айтылды.
3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Әртүрлі мәселелер
1) Әдістемелік құралдарды толықтыру мәселесі
Тәрбиешілер этномәдени бағыттағы әдістемелік құралдардың қажеттілігі туралы пікір білдірді. Ұлттық мазмұндағы ойындар, тапсырмалар, квесттер қорын толықтыру ұсынылды.
Ұсыныс:
– Әр тәрбиеші өз тәжірибесінен 1 цифрлық ойын немесе тапсырма әзірлеу.

Педагогтар мультимедиалық құралдарды қолдану барысында кездесетін қиындықтар мен тиімді тәсілдер туралы пікір алмасты. Баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету жолдары талқыланды.

Циклограмманы толтыру кезінде уақытты дұрыс бөлу, күн тәртібімен сәйкестендіру мәселелері көтерілді.

Талқылау нәтижесі:

– Циклограмма баланың жас ерекшелігі мен күн тәртібін ескере отырып құрылуы тиіс; – Артық жүктемеден сақтану қажет.

Күн тәртібін қатаң сақтау баланың психологиялық және физикалық саулығы үшін маңызды екені атап өтілді. Оқу қызметі барысында және серуен кезінде **баланың қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс** екені ерекше ескертілді.

Ұсыныстар:

- Қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде қайталау;
- Интерактивті құралдарды қолдануда қауіпсіздік талаптарын сақтау;
- Баланың денсаулығын қорғауды бірінші орынға қою.

Кеңес барысында көтерілген мәселелер педагогикалық үдерістің сапасын арттыруға бағытталды. Этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастыру балалардың ой-өрісін дамытуда тиімді нәтиже беретіндігі атап өтілді.

Әдістемелік кеңес отырысында күн тәртібіне қойылған мәселелер жан-жақты талқыланып, балалардың ой-өрісін дамытуда этномәдениет пен заманауи технологияны ұштастырудың тиімділігі атап өтілді. Педагогикалық ұжымның ұсыныстары мен пікірлері ескерілді.

Қаулы:

алалардың ой-өрісін дамыту мақсатында этномәдени мазмұндағы оқу қызметін заманауи мультимедиалық технологиялармен ұштастыра отырып жүйелі түрде ұйымдастыру жалғастырылсын.

лттық ойындар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер негізінде әзірленген цифрлық ойындар мен интерактивті тапсырмаларды оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану ұсынылсын.

едагогтар тарапынан қолданылатын мультимедиалық құралдарды мақсатқа сай, баланың жас ерекшелігі мен психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалану қамтамасыз етілсін.

дістемелік құралдар мен дидактикалық материалдарды толықтыру жұмыстары жалғастырылып, этномәдени бағыттағы авторлық материалдар қорын қалыптастыру ұсынылсын.

сы қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрағасы: Нурмаганова К.А.

Хатшы: Дардина Н.Ж.

№4 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Тақырыбы: *"Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы"*
Мақсаты: Халық қазынасын және этнопедагогика элементтерін заманауи цифрлық құралдармен біріктіріп, балалардың дүниетанымын кеңейту.
Мақсаты:
Педагогтардың оқу жылы бойы жүргізген жұмыстарының нәтижесін қорытындылау, цифрлық педагогиканың тиімділігін талдау, балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін саралау және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстарын жүйелеу.
Өткізілген күні: 2026 ж. 20 мамыр
Өткізілген орны: Балабақша әдістемелік кабинет
Қатысқандар:
Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы

КҮН ТӘРТІБІ:

ткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы
едагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп (электронды форматта)
амыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына талдау (диагностика)
амандардың (психолог, музыка жетекшісі, денс шынықтыру нұсқаушысы) жұмысына талдау
ттестациядан өтуге өтініш қабылдау
азғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Тақырыбы:
Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы

Баяндамашы: әдіскер Бельгибаева А.К.

Баяндамашы өткен №3 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына толық тоқталды. Атап айтқанда, этномәдениет пен цифрлық технологияларды біріктіру бағытында педагогтар белсенді жұмыс жүргізгені атап өтілді.

Тәрбиешілер интерактивті тақта, презентациялар, цифрлық ойындар, бейнематериалдар арқылы оқу қызметін ұйымдастырып, балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырған.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде: балалардың танымдық белсенділігі артқаны; сөйлеу және коммуникативтік дағдылары дамығаны; логикалық ойлау қабілеті жақсарғаны анықталды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Педагогтар цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесімен бөлісіп, оның тиімділігі жоғары екенін атап өтті.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы: Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп. Барлық педагогтар жылдық есептерін **электронды форматта (презентация, портфолио, бейнеесеп)** ұсынды.

Есеп барысында инновациялық әдістерді қолдану; цифрлық платформаларды пайдалану; ата-аналармен онлайн жұмыс;

- балалардың жетістіктері; авторлық ойындар мен әдістемелер таныстырылды.

Ерекше атап өтілді цифрлық сауаттылық деңгейінің артқаны; педагогтардың шығармашылық белсенділігі; тәжірибе алмасудың тиімділігі.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы:

Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына диагностика

Диагностика нәтижесі бойынша:

- Жоғары деңгей – 80%
- Орта деңгей – 20%
- Төмен деңгей – 0%

Балалардың ✓ коммуникативтік қабілеті, ✓ танымдық белсенділігі, ✓ шығармашылық ойлауы, ✓ әлеуметтік бейімделуі айтарлықтай дамығаны анықталды.

Қорытынды: Цифрлық педагогика элементтері балалардың дамуында тиімді нәтиже берді.

безендірілуі мен мазмұндылығы.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Педагогтар бір-бірінің жұмыстарын талқылап, тәжірибе алмасты. Көптеген қатысушылар цифрлық ойындар мен квест сабақтардың балалардың қызығушылығын арттыратынын атап өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ: Байқау нәтижесінде педагогтардың кәсіби шеберлігі мен инновациялық әлеуеті жоғары деңгейде екені анықталды.

және мастер-класс өткізу ұсынылды.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы: Мамандардың жұмысына талдау

Баяндамашы мамандардың оқу жылы барысында жүргізген жұмыстарына жан-жақты талдау жасап, олардың қызметі балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Педагог-психолог жыл бойы балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, бейімделу кезеңін жеңілдету, қарым-қатынас дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Психологиялық диагностика, түзету-дамыту сабақтары, жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылып, балалардың эмоционалдық тұрақтылығының артқаны байқалды. Сонымен

қатар, ата-аналармен және педагогтармен кеңестер өткізіліп, психологиялық қолдау көрсетілді.

Музыка жетекшісі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, музыкалық есту қабілетін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізді. Музыкалық іс-шаралар, мерекелік ертеңгіліктер, шығармашылық қойылымдар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру нұсқаушысы балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Денсаулық сақтау технологиялары, сергіту жаттығулары, спорттық ойындар мен эстафеталар тұрақты түрде өткізілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Педагогтар мамандардың жұмысына оң баға беріп, олардың кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігін атап өтті.

ҚОРЫТЫНДЫ: Мамандардың жұмысы жүйелі, мақсатты және нәтижелі деп танылсын. Алдағы уақытта мамандардың тәжірибесін тарату және өзара ықпалдастықты күшейту ұсынылсын.

7-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы: Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау

Баяндамашы педагог қызметкерлердің аттестациядан өту тәртібі мен талаптары туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Аттестация педагогтардың кәсіби деңгейін анықтауға, біліктілігін арттыруға және тәжірибесін жүйелеуге бағытталғаны атап өтілді.

Педагогтарға қажетті құжаттар тізімі, портфолио жинақтау жолдары, бағалау критерийлері туралы толық ақпарат берілді. Сонымен қатар, аттестациядан өтетін педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетілетіні, кеңестер мен практикалық көмек ұйымдастырылатыны айтылды.

Өтініш білдірген педагогтардың тізімі қаралып, қабылданды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Аттестацияға өтініш берген педагогтарға жүйелі түрде әдістемелік көмек көрсетілсін. Құжаттарды талапқа сай рәсімдеу қатаң бақылауға алынсын.

-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Тақырыбы: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту

Баяндамашы жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғатпен байланысын күшейту мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарын таныстырды.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалармен серуендер, таза ауадағы ойындар, спорттық жарыстар, су ойындары, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылатыны айтылды. Барлық іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізіледі.

Сондай-ақ, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау басты назарда болатыны ерекше атап өтілді. Қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық талаптар, күн тәртібін сақтау мәселелері қатаң бақылауға алынады.

Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері таныстырылады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:Педагогтар жазғы жұмыстың маңыздылығын атап өтіп, ұсыныстарын білдірді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары бекітілсін. Іс-шаралардың сапалы және қауіпсіз ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

ҚАУЛЫ:

ифрлық педагогиканы жүйелі түрде енгізу жалғастырылсын
алалардың құзыреттіліктерін дамыту жұмысы күшейтілсін
едагогтардың цифрлық сауаттылығы арттырылсын
азғы сауықтыру жоспары толық орындалсын
сы қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін

Кеңес төрағасы: Нурмаганова К.А.
Хатшы: Дардина Н.Ж.